

18 шілде 2018 ж.

Алматы

**Баспасөзге хабарландыру****«Даму» Қоры мен «Сбербанк» АҚ ЕБ БҰҰ Даму бағдарламасының бірінші халықаралық экологиялық жобасын қаржыландырды**

Қазақстандық «led system media» ЖШС Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының халықаралық экологиялық жобасы шеңберінде пайыздық мөлшерлемесін субсидиялады. Пайыздық мөлшерлеме жылына 14,5% құрайды, оның 10%-ын «Даму» қоры өтейді. Құны 34 млн теңге болатын экологиялық жобаны «Сбербанк» АҚ ЕБ 3 жылға қаржыландырады. Сондай-ақ, компания 17 млн теңгеге «Даму» қорының кепілдігін пайдаланды. Бөлінген қаражатқа жарық диодты шамдар шығарушы ЖШС мемлекеттік-жеке меншік серіктестік шеңберінде «Transport Tower» (Астана қ.) әкімшілік-технологиялық кешенінің жарықтандыру жүйесін жүргізбек. Жарықтандыруды жаңартқан соң ғимараттың жартысынан көп бөлігі (52%) энергия тұтынуды азайтады.

«Энергия үнемдеу саласында жүзеге асырылатын жобаларды қаржыландыру Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы даму бағдарламасының қаржылық қолдауының арқасында жүзеге асты. Қор мен «Сбербанк» АҚ ЕБ және басқа қазақстандық ЕДБ арасындағы үйлесімді әрекет кәсіпкерлерге энергия тиімділігін арттыруға бағытталған жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан қаржылай көмек алуға мүмкіндік береді. Соның арқасында Қазақстанның Ішкі жалпы өніміндегі (ЖІӨ) энерго шығындарын азайтуға көмектеседі. Жекелеген нысандарда, мысалы, әлеуметтік бағыттағы мекемелерде, сондай-ақ тұрғын үй ғимараттары бар үлкен аумақтарда энергияны үнемдеуге мүмкіндік беретін жобаларды ұсынатын кәсіпкерлер әлі де көп болады деп үміттенеміз,-деді «Даму» қоры Басқарма Төрағасының орынбасары Дәулет Әбілқайыров.

Жоба «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының/«Төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» Жаһандық экологиялық қоры халықаралық жобасына енуінің арқасында қаржыландырылып, пайыздық мөлшерлеме субсидияланатын болады, ал «Даму» Қорының кепілдігі қаржылай міндеттеме ретінде жүреді.

«Біз халықаралық ұйымдар мен Қазақстан үкіметінің еліміздің экологиясын жақсартуға бағытталған жаһандық бастамаларын жақтаймыз және белсенді түрде қолдаймыз. Қарыз алушы LED жарықдиодты шамдарын шығаратын қазақстандық компаниясы болғаны да Сбербанктің осы жобаға қызығушылығын тудыратын маңызды фактор болды. Яғни, бұл жобада екі маңызды компонент бар - экология және отандық бизнесті қолдау, - деді «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Корпоративті бизнес жөніндегі орынбасары Ельдар Тенизбаев.

Жоба Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі мен «Даму» Қоры арасындағы энергияны сақтаумен айналысатын кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастық туралы бұрын қол қойылған Келісім шеңберінде жүзеге асырылады. Бағдарлама іске қосылған сәттен бастап, 2018 жылдың бірінші тоқсанының соңында алғашқы 6 жоба, соның ішінде Астана және Солтүстік Қазақстан облысының ғимараттарында энергия тұтынуды азайтуға арналған «Transport Tower» жаңғырту жобасы да болды. Жалпы алғанда, бүгінгі күнде Жобаны басқару комитеті жалпы құны 502,5 млн теңге болатын энергия тиімділігін арттыруға бағытталған 13 жобаны мақұлдаса, тағы 6 жоба қаралу үстінде.



«Даму» Қоры – бұл ұлттық даму институты, 100% акциясы «Байтерек» Ұлттық Басқарушы холдингі» АҚ тиесілі. «Даму» Қорының міндеті – ШОК сапалы дамытуға жан-жақты қолдау көрсету, сонымен қатар Қазақстандағы операторлар мен интеграторлар болып табылатын ұсақ қаржыландыру ұйымдарына қаржылай, консалтингтік қызмет көрсету. Баспасөз қызметінің тел.: +7 (727) 2445566 (ішкі 1042) сайт: [www.damu.kz](http://www.damu.kz)



Сбербанк әлемнің ірі банктерімен кең байланыс жасайды, сондай-ақ клиенттермен және экономиканың түрлі салаларында қызмет атқаратын серіктестерімен жұмыс жасауда мол тәжірибесі бар. Бүгінгі таңда Сбербанктің 89 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 16-і – филиалдар. Банктің Орталық офісі Алматы қ. орналасқан.. +7(727) 266-35-68 іш. 501431 [www.sberbank.kz](http://www.sberbank.kz)

ТОО «led system media/лэд систем медиа» - отандық LED өндірісін Қазақстанда тұңғыш бастаған компания. Әлемдегі ең ірі LED өндірушілермен ынтымақтасып, олардың тәжірибесін үйреніп, инновацияларда үлес қосып келеді. Қазақстан Астана, 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы Индустриялық парк АЭА «Астана-Жан қала», қ. А 206, құрылыс №5010000